Екі доңғалақты электр-құрылғыны іске қосқан соң, электр-құрылғы әдепкі қалпы бойынша алдын ала белгіленген бастапқы болып табылатын «Төменгі максималды жылдамдық» режимінде (15 км/сағ дейін шектелген) жылдамдықта қозғала бастайды. Сол сәтте электр-құрылғыдағы СК-дисплейдің бетінде «Төменгі максималды жылдамдық» режимнің индекаторы жанып тұрады. Екі доңғалақты электр-құрылғының жылдамдығын жоғары максималды (25 км/сағ дейін шектелген) жылдамдық режиміне ауыстыру үшін ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ батырмасын жылдам (1 сек ішінде) екі рет басыңыз, электр-құрылғыдағы СК-дисплейдің бетінде «Жоғары максималды жылдамдық» режимнің индекаторы жанады. Егер электр-құрылғының жылдамдығын қайтадан төменгі максималды жылдамдық режиміне ауыстыруға қажет болса, жоғарыда көрсетілгендей тура сол жолмен әрекеттерді қайталаңыз.

Электр-құрылғының бағамдық СК-шамын іске қосу және сөндіру

Бағамдық жарықдиодтық шамын іске қосу немесе сөндіру үшін құрылғыдағы ІСКЕ ҚОСУ/СӨНДІРУ батырмасын басып, екі доңғалақты электр-құрылғы іске қосылу күйінде болуы қажет.

Батареядағы қалдық зарядын анықтау

СК-дисплейдің сол жағында батареядағы қалдық зарядын көрсететін индекаторы орналасқан. Батарея зарядының күйіне сәйкесінше бес көлденең сызық батарея максималды зарядталғанын білдіреді, ал бір сызық – батареяның заряды ең төмен деңгейге жетті дегенді білдіреді. Батареяның заряды ең төмен деңгейге дейін жеткен жағдайда,

оны қайтадан зарядтау керек.



Назар аударыңыздар! Құрылғының электр қозғалтқышына шамадан тыс жүктеме (электр-құрылғының жүрісі үдетілген, яғни қарқынды жылдамдықта немесе биік жерге көтерілген кезінде) түскен кезінде:

- 1) Батарея зарядының деңгейін көрсететін индекаторы батареядағы қалдық зарядын ең кіші мәнмен, яғни қате көрсету мүмкін. Бұл дисплейдегі индикация жүйесінің кемшілігі болып табылмайды және батарея күйінің қадағалау ерекшеліктерімен байланысты. Батареяның заряды туралы дұрыс ақпарат алу үшін, электр қозғалтқышынан жүктемені түсіру үшін электр-құралды (тоқтату немесе бейтарап жылдамдықта оны инерция бойынша) кем дегенде 30 секунд бойы жүргізу керек.
- 2) Электр қозғалтқыш өшіп қалуы мүмкін, сол сәтте СК-дисплейдің бетінде POLARIS логотипі жыпылықтай бастайды. Қозғалтқыштың қызып кетуіне жол бермеу үшін оның жиі жүктелуіне жол бермеңіз

Кажет болған жағдайда сіз электр-құрылғының өздігінен сырғанайтын электр режимін, яғни электр жүйесін сөндіріп, құрылғымен қалыпты режимінде сырғанауды жалғастыра аласыз.

Электр-құрылғының қозғалу жылдамдығын басқару

Өздігінен сырғанайтын электр режимінде электр-құрылғының қозғалу жылдамдығы акселератордың иінірегі мен электрлі тежеуіштің иінірегі, сондай-ақ артқы механикалық тежегіші арқылы басқарылады.

- Электр-құрылғының жүрісін тездету үшін акселератордың иінірегін басыңыз. Электр-құрылғының жылдамдық қарқындылығы акселератордың иінірегі қай күшпен басылғанына байланысты.



Назар аударыңыздар!

Иініректердің бұзылуын болдырмау үшін иініректерді басқан кезде, оларға (10кгс-нан артық) қатты күш салып баспаңыз.

- Электр-құрылғымен баяу тежелу үшін электрлі тежеуіштің иінірегін қолданыңыз.

- Қарқынды тежелу үшін электр-құрылғыдағы артқы механикалық тежегішін пайдаланыңыз – тежелудің қарқындылығын реттеп алуға болады, ол үшін электр-құрылғыдағы артқы доңғалақтың қанатын аяғыңызбен сәл күш салып басыңыз.




Назар аударыңыздар!


Электр-құрылғыдағы артқы механикалық тежегішін пайдаланған кезде, әсіресе қарқынды тежеу кезінде электр тежеуішінің пайдалануы тежеудің қарқындылығын арттырмайды, себебі моторлы тежеуіші өзінде тура сол механикалық тежегішпен тежелген артқы доңғалағын қозғалысқа келтіреді.

Сандық СК – индекатордың көрсетуі


Сандық СК-индекаторы әдепкі қалпы бойынша орнатылған құралдың ағымдағы жылдамдық көрсеткіштерін көрсетеді. Құрал қозғалыссыз тұрған кезде, оны іске қосқан сәттен бастап құралдың ағымдағы жүріс көрсеткіштерін көру үшін оның электрлі тежеуіштің иінірегін басып, оны басылу күйінде ұстап тұрыңыз. Құралды сөндірген кезде барлық жүріс көрсеткіштері нөл болып жойылады.

ТАЗARTY ЖӘНЕ КҮТІМ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР


 Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғыны тазартпас бұрын, электр-құрылғының өшіріліп тұрғандығына және оның тіректік алаңшасындағы зарядтау порты қорғағыш қақпақшасымен жабылғанына көз жеткізіңіз(4-Суретте көрсетілген қараңыз). Электр-құрылғының аккумуляторлық батареясы зарядталып жатқан кезінде электр-құрылғыны тазартпаңыз. Тазарту барысында электр-құрылғыны тазарту үшін тазартқыш не жуғыш құрылғылар ретінде спирт немесе спиртқұрамдас сұйықтардың түрлерін және бензин, керосин немесе ұшпалы коррозиялық заттары бар еріткіштерді пайдаланбаңыз. Электр-құрылғыны жоғары қысымды су ағынымен тазаламаңыз.

 Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр- құрылғыны құрғақ, салқын бөлмежайда сақтаңыз. Бұл екі доңғалақты электр-құрылғыны үй сыртында, яғни көшеде ұзақ уақытқа қалдыруға болмайды. Жылу, суық немесе жаңбырдың әсер етуі электр-құрылғыға зақым келтіруі мүмкін. Әр үш айнда бір рет аккумулятордың зарядын ол толығымен таусылғанша отырғызыңыз(өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғыны жүргізіп), содан кейін аккумуляторды зарядтаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ


 Электрлік құрылғылардың тасымалдауы нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау және механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін, жүкті көлігімен тасымалдау қағидаларына сәйкес көліктің барлық жабық түрлерінде кез келген көлік құрылғыларымен жүзеге асырылады. Құралдарды тасымалдау барысында бүлінуден сақтау әрекеті қамтамасыз етілуі тиіс, бұл электр-құрылғыны тасымалдау үшін оның түпнұсқалық зауыттық орамасы мен қаптама қорабын пайдаланыңыз. Өздігінен

сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғыны тасымалдау барысында оны соққы мен тербеліс әрекеттерінен қорғаңыз. Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғыны тасымалдау барысында оны тікелей механикалық бүлінуден, қызудан, оған тіке күн сәулесінің, атмосфералық жауын-шашындардың түсуінен, ылғал мен агрессивті жемірлі орталар әсер етуінен қорғау шарттары қамтамасыз етілуі керек, сондай-ақ, бұл электр-құрылғыға сәйкес құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін жоғарыда аталған әсерлердің кездейсоқ тигізу мүмкіндігін болдырмауы керек.

 **ЕСКЕРТПЕ!** Литий батареясы қауіпті заттарға ие. Оны тасымалдау барысында жергілікті заңнаманы басшылыққа алған жөн.

ЕСКЕРТПЕ: Литий аккумуляторы бар өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғыны әуе көлігімен тасымалдау қажеттігі туындаса, аккумуляторды бөлек жеткізу шарты орын алуы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!


 Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылуы қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және тұрмыстық электрлі құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

Тауарды өткізу


Тауарды өткізу ережелері белгіленген емес.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР

- Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғыны пайдалану барысында құралдан құлаған сәтте жарақат алмау үшін қорғаныс жарағы мен шлемді (электр-құрылғының жиынтығына кірмейді, бөлек сатып алынады) киіңіз.
- Бұл электр-құрылғымен қоса берілген нұсқаулықты оқып шығыңыз. Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген ережелерді басшылыққа ала отырып, Сіз өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғының қызмет ету мерзімін ұлғайтасыз.
- Пайдаланушының максималды салмағы – 120 килограммды құрайды, бұл құрылғымен пайдаланатын адамның салмағы бұл салмақтан артық болмауы қажет. Кері жағдайда екі доңғалақты электр-құрылғы бүлінуі мүмкін немесе пайдаланушы құрылғыдан құлап, жарақат алуы мүмкін.
- Электр-құрылғыға техникалық қызмет көрсету немесе тазалау барысында құрылғы және оның қоректендіру көздері тоқтан ажыратылуы тиіс. Бұл электр-құрылғыны субұрқақ, жасанды және өзге суайдындарының маңында пайдалануға тыйым салынады. Екі доңғалақты электр-құрылғыны ешбір жағдайда суға немесе қандай болса да басқа сұйықтықтарға батырып салуға мүлдем болмайды.
- Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғыны ылғалды ауа-райы кезінде, суық, төмен (теріс) температура барысында пайдалануға болмайды, бұл электр-құрылғыдағы аккумуляторының істен шығуына әкеп соғуы мүмкін.
- Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғыны тазарту үшін химиялық еріткіштерді пайдаланбаңыз, себебі бұл тазартқыш құрылғылар электр-құрылғыға теріс әсерін тигізуі мүмкін.
- Электр-құрылғыны пайдалану барысында оның ақаулы екендігі анықталған жағдайда, техникалық жөндеу жұмыстары тек қана өндіруші компаниясы басқарып жұмыс жасайтын авторландырылған қызмет көрсету орталығында орындалуға тиіс. Құрылғының ақаулығы жойылмайынша электр-құрылғыны пайдалануға тыйым салынады.
- Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғының және оның жеке модульдерінің құрылымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Бұл электр-құрылғыны толық немесе жартылай бөлшектеуге қатаң тыйым салынады. Бұл ережелерді бұзған жағдайда, бұл құрылғының қалыпты жұмысына теріс әсерін тигізіп, құрылғының істен шығуына әкеп соғуы мүмкін.
- Өндіруші ұсынған аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді ғана пайдаланыңыз.

 **Назар аударыңыздар!** Кез келген сипаттағы ақау анықталған жағдайда, авторландырылған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Бұл құрылғы электр энергетикасы саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес пайдаланылуы тиіс, яғни құрылғының пайдалануы «Тұтынушылардың электрлі қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары» бойынша тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану тәртібін айқындайтын ережелерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Бұл электр-құрылғы осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «Екі доңғалақты электр-құрылғыны пайдалану» тарауында қарастырылған нұсқауларына сәйкес тек мақсаты бойынша пайдаланылуы тиіс. Өздігінен сырғанамайтын екі доңғалақты электр-құрылғыны қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, кембағал, сезім мүкестігі бар немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, құрылғыны қолдану білімі мен тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Олар бұл құрылғыны өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша пайдалануға тиіс. Балалардың құрылғымен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- Әр жолы электр-құрылғыны іске қоспас бұрын, оны қарап шығыңыз. Құрылғының және оның зарядтау құрылғысын, сонымен қатар зарядтау құрылғыдағы электр желілік баусымның ақаулығы анықталған жағдайда, зарядтау құрылғысын ешбір жағдайда электр ашалы розеткаға жалғастырып қосуға мүлдем болмайды. Аккумуляторды зарядтау үшін тек қана осы электр-құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кіретін зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз. Бұл зарядтау құрылғыны өзге мақсатта қолданбаңыз. Бұл құрылғының зарядтау құрылғысын бөлшектеуге тыйым салынады.
- Бұл электр-құрылғыны, оның зарядтау құрылғысын және зарядтау құрылғысының электрлі желілік баусымын қыздыру не жылу шығаратын көздерінен және өзге де электрлі құралдардан алыс қашықтықта орналастырыңыз, құрылғы және оның электрлі желілік баусымы ыстық ауаның тікелей күн көзіне, жоғары температураның әсеріне, тікелей күннің жарық сәулесінің және де жауын-шашындардың түсуіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, яғни құрылғылардың бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмайтындай етіп, сақталуы керек.
- Электр-құрылғыны және оның зарядтағыш құрылғысын түпнұсқалық зауыттық қаптама қорабында, сондай-ақ балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

 **Назар аударыңыздар!** Құрылғыны субұрқақ, жасанды және өзге суайдындарының маңында, сонымен қатар ванна, ыдыс-аяқ жуатын шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа сыйымдылықтардың қасында пайдалануға болмайды, сондай-ақ электр-құрылғыны ылғалды ауа-райы кезінде пайдалануға тыйым салынады.

- Электр-құрылғы суға түсіп кеткен жағдайда, оны екінші мәрте пайдаланудың алдында құрылғыны тек қызмет көрсету орталықтың білікті мамандары ғана тексеріп шығуы керек.
- Құрылғының зарядтау құрылғысын тек ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Зарядтау құрылғыны электр ток көзіне қоспас бұрын, бұл құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген кернеудің параметрлері Сіздің үйіңіздегі электрлік желісінде қолданылатын кернеуіне, яғни электрлік желінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Кез келген ақау бола тұра құрылғыны іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Бұл құрылғының зарядтағыш құрылғысын электр желіге қоспас бұрын, зарядтау құрылғының өшіріліп тұрғандығына көз жеткізіңіз. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жерлендіру бекітілген электр техникалық нормаларға сәйкес келуі тиіс. Техникалық стандартқа сай келмейтін қуат беру және электрлік қоректендіру көздері мен ұзартқыш және үшжақты жалғаулық секілді қосу құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны сүйір бұрыштарға соғылуынан сақтаңыз. Әр жолы құрылғыны әрбір пайдаланғаннан кейін және оны тазартпас бұрын, немесе құрылғы сынып, істен шыққан жағдайда, әрдайым оның қоректендіру көздері тоқтан ажыратылуы тиіс.
- Электр-құрылғының зарядтағыш құрылғысын оның желілік баусымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, оның электрлік қоректену желілік баусымнан ұста, тартып электрлік қоректену желісінен ажыратуға тыйым салынады. Зарядтағыш құрылғыны ток көзіне жалғастырып қосқан кезде немесе оны ток көзінен ажыратқан кезінде, тек қана оның электр желілік баусымның штепсельді айыртетігінен ұстаңыз.
- Бұл электр-құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейтін қосымша аксессуарларға жататын бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Құрылғыны өз бетіңізбен жөндеуге болмайды. Жөндеу жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны жөндеу үшін тек қана түпнұсқалы қосалқы бөлшектерді пайдалануға қажет.



Назар аударыңыздар! Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр-құрылғыны әдеттегі тұрмыстық

қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!



моделі PES 0504 / PES 0505 / PES 0506 / PES 0507 Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құралдар диаметрі 5,5" шағын доңғалақтармен жабдықталған. Аталған барлық үлгідегі құралдармен жолсыз, яғни жол жамылғысы жоқ және тегіс емес жолдарда жылжып жүруге болмайды, осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың («Электр-құрылғының сипаттамасы») тарауын қарап шығыңыз. Бұл үлгідегі құралдарды жол жамылғысы жоқ және тегіс емес жолдарда пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.

ЭЛЕКТР-ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

1. Құрылғы жиынтығымен бірге -1 дана.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.
3. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі – 1 дана.
4. Кепілдік талоны – 1 дана.
5. Құрылғының орамасы (полиэтилен пакеті + қаптау қорабы+ орауыш материалдары) – 1 дана.
6. Зарядтау құрылғысы электр желілік баусымымен - 1 дана.

ПАЙДАЛАНУҒА ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛҒАН ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫЛАР МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Жарамсыз деп табылған тұрмыстық электрлік құрылғылар мен техникалық бұйымдарды кәдеге жарату барысында пайда болатын қатты тұрмыстық қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттары бойынша көзделген қолданыстағы ережелер мен нормаларға сәйкес, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғы, оны кәдеге жарату кезінен кейін оның құрамдас бөліктері мен материалдары қайтадан пайдалануға жарамды болатындай деген есеппен арнайы жобаланып, ойластырылып жасалған. Гироскутер құрылғының қаптама орамасындағы дөңгелегі бар қоқыс жәшігі сызылған кейіптегі белгісі бұл құрылғы Еуроодақ елдерінде қабылданған Еуропалық 2002/96/ЕС директивасы мен сәйкес ұлттық құқық ережелеріне сәйкес жасалған екендігін куәландырады. Құрылғының пайдалану ресурсы таусылған кезде, яғни өз қорын тауысқан құрылғыны кәдеге жаратпас бұрын осы түрдегі қалдықтарды кәдеге жаратудың жергілікті ережелерін біліп алыңыз. Қалай болса да, кез келген жағдайда өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғы тұрмыстық қалдықтардан бөлек кәдеге жаратылады.

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ / ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Ақауларға қатысты мәселелер	Ақаулардың пайда болуы мүмкін себебі	Ақауларды жою тәсілдері
Құрылғы іске қосылмайды.	Аккумулятордың заряды толығымен таусылып біткен.	Құрылғыны зарядтайтын құрылғыға жалғастырып қосыңыз.
	Құрылғының электрлі тізбегі бүлінген.	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз, бұл ақауды жөндеу шеберханасының маманы ғана жоя алады.
Құрылғы іске қосылды, бірақ жүрмейді.	Құрылғының тіректік алаңшасы тегіс емес.	Құралмен жылжып жүру үшін өзге жерді таңдаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

POLARIS Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты құрал	PES 0504 / PES 0505	PES 0506 / PES 0507	PES 0508
Қуаттылығы	250 Вт		
Қуат көзі	Аккумуляторлық батареясы Li-Ion 4400 мАч 21,6 В	Аккумуляторлық батареясы Li-Ion 6600 мАч 21,6 В	Аккумуляторлық батареясы Li-Ion 8800 мАч 21,6 В
Батареяны зарядтау уақытысы	2-4 ч	2-4 ч	2-4 ч
Зарядтау құрылғысы	PAD 0504 / PES 0505	PAD 0506 / PES 0507	PAD 0508
Кіріс кернеуі	~100-240 В		
Жиілігі	~50-60 Гц		
Шығыс кернеуі	25,2 В		
Максималды тоқ жүктемесі	2,0 А		

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады. Нұсқаулықтың соңғы нұсқасын www.polar.ru сайтынан таба аласыз.

СЕРТИФИКАТТАУ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

Құрылғының құрылымы «Төмен вольтты құрылғылардың қауіпсіздігі жөніндегі» ТР ТС 004/2011, «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі жөніндегі» ТР ТС 020/2011 Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

- Сәйкестік туралы Декларацияның тіркеу нөмірі: ЕАЭС № RU Д-US.АБ37.В.20144
- Сәйкестік туралы Декларацияның тіркелген күні: 27.12.2017
- Қолданылу мерзімі: 27.12.2017 мерзімінен бастап 26.12.2018 мерзіміне дейін соңғы күнін қоса алғанда жарамды.



Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғысының қорғаныс жіктелімі:



Зарядтау құрылғысының қорғаныс жіктелімі:

Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл

Кепілдік мерзімі: 2 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.

қуаттау құрылғысы мерзімі: 1 жыл сатып алған күннен бастап санағанда.

Аккумуляторлық батареясы үшін берілген кепілдік мерзімі және аккумуляторлық батареясының жарамдылық мерзімі: 6 ай сатып алған күннен бастап санағанда.

Құрылғының өнделіп шығарылған күні мен жылы жөніндегі ақпарат құрылғының техникалық төлқұжатында көрсетілген.

<p>Өндіруші: TEXTON CORPORATION LLC - "ТЕКСТОН КОРПОРЕЙШН"ЖШҚ 160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America 160 Гринтри Драйв, 101 бөлмежайы, Дувр қаласы, Кент округі, Делавэр Штаты, 19904, Америка Құрама Штаттары.</p>	<p>Зауытта: Wuyi Yuema Leisure Articles Co., Ltd - Вуйи Юэма Лэжэр Артиклз Ко., ЛТД #12, Hardware road, Tongqing industrial zone, Wuyi, Zhejiang, China. - №12, Хардвее роуд, ТунгЧинг индустриал зоун, Вуйи, Чжецзян, Қытай.</p>
--	---

Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының аумағында өкілетті өкілі

«ДС-Сервис» ЖШҚ, 109518, Мәскеу қаласы, Волжский желекжолы, 5-үй.

Бірыңғай анықтамалық қызметтің телефон нөмірі: 8(800)700-11-78

Электр-құрылғы үшін берілген кепілдік мерзімі оны сатып алған күннен бастап санағанда 2 жыл құрайды, қуаттау құрылғысы үшін берілген кепілдік мерзімі оны сатып алған күннен бастап санағанда 1 жыл құрайды, оның аккумуляторлық батареясы үшін берілген кепілдік мерзімі сатып алған күннен бастап санағанда 6 ай құрайды, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндетуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «TEXTON CORPORATION LLC» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).
2. Бұйым тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге, сонымен қатар құрылғының қандай да бір сыртқы қабатының өзгерістері байқалған жағдайда таралмайды, егер де:
 - Бұл кепілдік химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер болған жағдайда, сондай-ақ, бұйымның ішіне сұйықтық төгілген жағдайда, сонымен қатар, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сонымен бірге, бұл ақау микроорганизмдердің, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа секілді жәндіктер мен зиянкестер топтарының іс-әрекет, тіршілігінің салдары нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
 - Еңсерілмейтін жағдай әсері (су апаты, дауыл, өрт пен жер сілкінісі);
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, оның жиынтықтығына кірмейтін, қосымша керек-жарақтарын пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, доңғалақтар тозған жағдайда, сондай-ақ мойынтірек, дөңгелекқап, пневматикалық камералары, топсалар, меңгерігінің тұтқалары, аяқтарды орнатып қоюға арналған тіректік алаңшасы, және басқа да бұйымдары, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеу жұмыстарын орындаған жағдайда;
5. Бұл кепілдік келесі ақауларға таралмайды:
 - Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған аккумуляторды зарядтау ережелерін бұзу салдарынан бүлінген аккумуляторлық батареяларға;
 - Пайдаланушының құрылғыны ұқыпсыз әрі дұрыс қолданбау салдарынан қатты бүлінген дөңгелек пен корпусқа таралмайды;

Пайдаланушының кесірі салдарынан құрылғының дөңгелегі, құрылғының корпусы, аккумуляторлық батареясы зақымдалса, іске жарамай қалған, яғни бүлінген бөлшектің жөндеуі пайдаланушының есебінен жүргізіледі. Сатушы бұл жөндеу жұмысының лездігіне жауапты емес, сондай-ақ жөндеу жұмысын жүргізуден бас тартуға құқылы.

6. Өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғыға келесідей жағдайларда кепілдікті қызмет көрсетілмейді, егер:
 - Құрылғының корпусы, қоректендіру блогы бүлінсе, яғни құрылғының корпусында және оның қоректендіру блогында механикалық әсерлерден болатын зақымдар анықталған жағдайда;
 - Құрылғыны тексеріп қарағанда, құрылғыда бөгде бұзу іздері анықталған жағдайда, яғни ол ашылып, бөлшектеніп, қайтадан құрастырылып жиналған болса, сондай-ақ оның қоректендіру блогына су тамып тиген жағдайда, сонымен қатар электр-құрылғыны өкілетті емес қызмет көрсету орталығында жөндеу жұмыстары жүргізілген болса немесе пайдаланушы жөндеу жұмыстарын өздігінен жүргізуге тырысқан жағдайда;
 - Егер құрылғының құрылымына және оның схемасына рұқсат етілмеген өзгерістер енгізілсе;
 - Егер өздігінен сырғанайтын екі доңғалақты электр-құрылғы оны дұрыс пайдаланбау және зарядтау құрылғысы пайдалану ережелерін бұзу салдарынан зақымдалынған және істен шыққан болса.

POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз.

Құрылғының ақаулы екендігі анықталған жағдайда, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.